Әден Жансая Шүкірқызының
«8D01704 – Орыс тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Қазақстан мектептерінің оқушыларының билингвалды тұлғасын қалыптастыру: антропологиялық аспект»
атты диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Көпұлтты Қазақстанда билингвизм кең таралған құбылыс болып табылады. Билингвизм – бұл екі тілді, яғни ана тілі мен орыс тілін еркін меңгеру. Оқушылардың билингвалды тұлғасын қалыптастыру тиімділігі мектептегі орыс тілін оқыту сапасына байланысты.

Диссертацияда оның авторы әзірлеген, антропологиялық аспектіні ескере отырып, қазақстандық мектеп оқушыларының билингвалды тұлғасын қалыптастыру әдістемесі апробациядан өткізілді. Зерттеу пәнаралық форматта орындалды және тіл білімі, мәдениеттану, лингвомәдениеттану, психология, педагогика, дидактика, орыс тілін оқыту әдістемесі бойынша қағидалар мен тұжырымдар пайдаланылды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Орыс тілін оқыту әдістемесі үнемі жетілдіріліп отырса да, билингвалды тұлғаны қалыптастыру мәселесі әлі де өзекті болып отыр. Бүгінгі таңда екі тілді еркін меңгерген, жаһандық әлеуметтік-мәдени кеңістікте бағдар жасай алатын тұлғаны дайындау қажеттігі туындауда.

Орыс тілін оқыту әдістемесінің негізінде оны таңбалар жүйесі ретінде меңгеру қағидаты жатыр. Дегенмен, оқушылардың назары көбінесе орыс тілінің грамматикалық жағына бағытталған, ал қазақ және орыс тілдерін өзара байланыстыра оқытудың әлеуеті жеткілікті деңгейде пайдаланылмайды. Бастауыш мектепте орыс тілін оқытуда коммуникативтік және мәдениеттанушылық тәсілдерді дамытуға ерекше көңіл бөлу қажет. Сонымен қатар, оқушыларының тілдік, сөйлеу және коммуникативтік дағдыларын дамытуға ықпал ететін әдістемелік тәсілдерді әзірлеу маңызды.

Билингвалды тұлғаны қалыптастыру мәселелері орыс тілін екінші тіл ретінде оқытудың инновациялық әдістерін таңдауды айқындайды. Сонымен қатар, билингвалды тұлғаны қалыптастыру әдістемесін коммуникативтік және лингвомәдени тәсілдер негізінде теориялық тұрғыдан негіздеу мәселесі өзекті болып табылады. Бұрын орыс тілін сәтті меңгеруге ықпал еткен тілдік орта қысқарып келе жатқанын ескере отырып, оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға басымдық беру қажет.

Мектеп оқушысының билингвалды тұлғасын қалыптастыру қолайсыз жағдайларда жүзеге асырылуда. Отандық әдістеме ғылымы оқушылардың билингвалды тұлғасын қалыптастырудың психологиялық, педагогикалық, дидактикалық және лингводидактикалық шарттарын жеткілікті деңгейде зерттемеген. Қолданыстағы оқулықтар мектеп оқушыларының толыққанды билингвалды дамуын қамтамасыз ете алмайды.

Оқу процесінде қолдануға арналған тиісті әдістемелік база (оқу құралдары, хрестоматиялар, сөздіктер, жаттығулар) жоқ. Орыс тілі мұғалімдері бұл мәселелерді өз бетімен шешуге мәжбүр. Соның салдарынан мектеп оқушысының билингвалды тұлғасын қалыптастыру процесі көбінесе кездейсоқ сипатқа ие болып отыр.

Мектепте орыс тілін оқыту тәжірибесі көбінесе теориялық мәліметтерге басымдық беруімен ерекшеленеді, алайда олар оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын дамытуға әлсіз ықпал етеді. Бұл мәселені шешу бастауыш сынып оқушыларының билингвалды тұлғасын сәтті қалыптастыру үшін маңызды. Оқушылардың коммуникативтік-лингвомәдени дағдыларын дамыту процесі тіл туралы теориялық білімді олардың практикалық қолданылуымен үйлесімді ұштастыруға негізделуі тиіс. Теориялық аспектілерді мектеп оқушысының билингвалды тұлғасын қалыптастыру міндетіне бағындыру аса маңызды.

Оқушылардың орыс тілі туралы артық теориялық түсініктерді меңгеруге бағытталуынан бас тарту қажет. Оның орнына, оқушылардың күнделікті қарым-қатынасқа тән әртүрлі сөйлеу жағдайларында орыс тілін сәтті қолдануын қамтамасыз ететін әдістемелік тәсілдерді әзірлеу маңызды.

Қазақстанның көпмәдениетті қоғамында мектеп оқушысының билингвалды тұлғасын қалыптастырудың кешенді жүйесін жасау қажеттілігі туындап отыр. Мектеп оқушысының билингвалды тұлғасын дамытуға бағытталған, оны түрлі өмірлік жағдайларда еркін қарым-қатынас жасауға қажетті коммуникативтік және лингвомәдени компетенцияларға үйрететін жаңа бағдарламалар мен әдістемелік құралдарды әзірлеу өзекті мәселе болып табылады.

Осыған байланысты, тиісті технологияның негізгі элементтерін, оның әдістерін, әдістемелік тәсілдері мен оқушылардың коммуникативтік және лингвомәдени компетенцияларын қалыптастыру құралдарын анықтау қажет. Жоғарыда айтылғандардың барлығы зерттеу тақырыбының даусыз **өзектілігін** айғақтайды.

Зерттеу объектісі – билингвизм, билингвалды тұлға, тілдік тұлға, лингводидактика, сөйлеуді дамыту әдістемесі, коммуникативтік дағдылар мен икемділіктерді қалыптастыру.

Зерттеу пәні – қазақстандық мектеп оқушыларының билингвалды тұлғасын қалыптастыру әдістері мен тәсілдері.

Зерттеу мақсаты – қазақстандық мектеп оқушыларының билингвалды тұлғасын қалыптастырудың әдістемелік жүйесін әзірлеу.

Біздің диссертациялық зерттеуімізде келесі гипотеза ұсынылады: мектеп оқушысының билингвалды тұлғасын қалыптастыру әдістемесі тиімді болады, егер:

- билингвалды тұлғаны қалыптастырудың қоғамдық-педагогикалық шарттары, ғылыми-теориялық және ғылыми-әдістемелік негіздері сипатталып, қорытындыланса, сондай-ақ оның құрылымдық-мазмұндық элементтері әзірленсе;

- дидактикалық, лингвистикалық, лингвомәдениеттанушылық және мәдениеттанушылық қағидаларға негізделген билингвалды тұлғаны қалыптастыру жүйесі жан-жақты жасақталса;
- оқушылардың бейтілдік (неродной язык) сөйлеу қызметіне жүйелі түрде қатысу қағидаты жүзеге асырылса, бұл ретте бейтілдік тілді өзге әлеуметтік-мәдени шындықты бейнелеу формасы ретінде қарастыру ескерілсе;
- мектеп оқушысының билингвалды тұлғасын қалыптастыруға арналған әдістемелік жүйе оқу-қарым-қатынас жағдайларын, диалогтарды құру, сондай-ақ орыс тілін оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдерін қолдану арқылы жүзеге асырылса.

Жоғарыда көрсетілген мақсатқа қол жеткізу және диссертациялық зерттеудің жұмыс гипотезасын верификациялау үшін келесі міндеттер шешілді:

1. Лингвистикалық, педагогикалық, психологиялық және әдістемелік әдебиеттерді талдау арқылы зерттеліп отырған ғылыми мәселенің зерделену деңгейін анықтау, билингвалды тұлғаны қалыптастыруға қатысты заманауи лингводидактикалық тәсілдерді айқындау;
2. Сөйлеу құзыреттіліктерін қалыптастырудың нақты жағдайын талдау, негізгі құжаттарды, мектеп бағдарламасын, оқулықтарды, 5-6 сыныптарға арналған орыс тілі бойынша күнтізбелік-тақырыптық және сабақтық жоспарларды зерделеу арқылы билингвалды тұлғаны жүйелі дамыту мүмкіндіктерін анықтау;
3. Орта мектеп контекстінде «тілдік тұлға», «билингвизм», «билингвалды тұлға» ұғымдарының оңтайлы көлемі мен мазмұнын анықтау, сондай-ақ оның қалыптасу критерийлерін әзірлеу;
4. Оқушылардың билингвалды тұлғасын қалыптастыруға бағытталған ең тиімді оқу материалдарын әзірлеу және іріктеу;
5. Оқушылардың билингвалды тұлғасын қалыптастырудың әдістемелік технологиясын жасап, оны эксперименттік түрде дәлелдеу (технологияның құрамына қағидалар, әдістер, әдістемелік тәсілдер, оқыту құралдары, ойлау мен сөйлеуді дамытатын жаттығу жүйесі және т. б. кіреді).

Зерттеудің ғылыми жаңалығы келесідей тұжырымдалады:

1. Мектеп оқушыларының билингвалды тұлғасын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік жүйесі әзірленді, теориялық тұрғыдан негізделді және сынақтан өткізілді.
2. Коммуникативтік, әдістемелік және лингвомәдени қағидаларға негізделген орыс тілін эксперименттік оқытудың мазмұны қалыптастырылды.
3. Зерттеу барысында оқушылардың билингвалды тұлғасын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік жүйесі апробациядан өтті.
4. Оқушылардың оқу-танымдық қызметін ұйымдастыру және жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленді.
5. Мектеп оқушысының билингвалды тұлғасын қалыптастыруға қажетті әдістер, құралдар мен тәсілдер анықталып, сипатталып, жүйеленді.

6. Оқушының билингвалды тұлғасын қалыптастыруға арналған коммуникативтік және лингвомәдени дағдыларды дамытуға қойылатын критерийлер мен әдістемелік талаптар әзірленіп, ғылыми тұрғыдан негізделді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Оқушының билингвалды тұлғасын қалыптастырудың әдістемелік жүйесі оның тілдік тұлға ретінде дәйекті әлеуметтенуіне арналған. Бұл жүйе бастауыш сынып оқушысының бейтілдік тілдер мен мәдениеттерге табиғи енуіне қолайлы жағдай жасайды. Әдістемелік жүйенің негізін тіл білімі, психолингвистика, лингвомәдениеттану, психология, педагогика және әдістеме арасындағы пәнаралық байланыс құрайды.

2. Оқушының билингвалды тұлғасын қалыптастыру моделі оқушылардың сөйлеу құзыреттіліктерінің нақты жағдайын анықтау және билингвалды құзыреттерді жүйелі дамыту мүмкіндіктерін белгілеу негізінде әзірленді. Бұл модель ана тілі мен мәдениетін меңгеруді, сонымен қатар, параллель түрде орыс тілін жүйе ретінде (оның фонетикалық, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерімен) және мәдениетті (оның концептуалды өрісі мен тілдік әлем бейнесін) игеруді көздейтін кезеңдік және жүйелі үдеріс болып табылады.

3. Оқушының билингвалды тұлғасын қалыптастыру «тілдік тұлға», «билингвизм», «билингвалды тұлға» ұғымдарының оңтайлы көлемі мен мазмұнын анықтау және оның қалыптасу критерийлерін белгілеу негізінде жүзеге асырылады.

4. Оқушының билингвалды тұлғасын қалыптастыруға бағытталған тиімді оқу материалдарын әзірлеу және іріктеу оқытуды технологияландыру негізінде іске асырылады. Бұл орыс тілін оқыту барысында эвристикалық, іс-әрекеттік, тұлғалық-бағдарлы және коммуникативтік-лингвомәдениеттанушылық тәсілдердің өзара байланысын ескере отырып жүргізіледі.

5. Оқушының билингвалды тұлғасын қалыптастырудың нәтижелілігі ұйымдастырушылық-педагогикалық және әдістемелік шарттар жүйесімен қамтамасыз етіледі. Оған қағидалар, әдістер, әдістемелік тәсілдер, оқыту құралдары, қалыптастырушы эксперимент бағдарламасының әзірленуі мен апробациясы, коммуникативтік-лингвомәдени бағыттағы оқу тапсырмалары мен жаттығулары кіреді. Сонымен қатар, билингвалды құзыреттердің қалыптасу деңгейін уақтылы анықтау маңызды рөл атқарады.

Диссертацияның әдіснамалық негізі Ю.Н. Караулов, Г.И. Богин, Е.М. Верещагин, Э.Д. Сүлейменова, Г.Н. Хасанов, У.М. Бахтикиреева, В.В. Красных, В.П. Синячкин, М.В. Тлостанова және басқа да ғалымдардың еңбектерінен тұрады. Сондай-ақ, оқушылардың ойлау және сөйлеу қабілеттерін дамыту мәселелерін табысты зерттеген психология ғылымының жетістіктеріне (Ж. Пиаже, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, В.В. Давыдов және т.б.) сүйену қажет. Билингвалды тұлғаны қалыптастырудың психолингвистикалық тәсілі (Н.А. Алмаев, В.П. Белянин, А.Н. Воронин, А.А. Залевская, Н.Д. Павлова, В.А. Пищальникова, Т.Н. Ушакова, Р.М. Фрумкина және т.б.) екі тілде жүзеге асатын сөйлеу-ойлау әрекетінің құрылымдарын

сәйкестендіруді ескереді. Билингвалды тұлғаны қалыптастыру және дамыту мәселелеріне арналған әдіскер-ғалымдар К.З. Закирьянова, Р.Г. Давлетбаева, Е.А. Хамраева, А.В. Камалетдинова, В.В. Красных, И.А. Киреева, Л.П. Клобукова, Т.И. Кобякова, Л.В. Меос, Ю.И. Трофимова және басқалардың зерттеулері де назарға алынды. Сонымен қатар, антропологиялық тәсіл Фишман Дж.А., Бурдье П., Хаймс Д., Бломмаерт Я., Эдвардс Дж., Ирвин Дж., Гала С., Сильверстайн М., Уорф Б.Л., Сепир Э. еңбектері арқылы қарастырылды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы қызметтік тәсілге негізделген билингвалды тұлғаны қалыптастырудың әдістемелік жүйесін әзірлеумен анықталады. Қазақстандық мектептердегі орыс тілін оқытудың негізгі қағидаттары анықталды, билингвалды тұлғаны тиімді қалыптастырудың шарттары мен факторлары негізделді, сондай-ақ оқушылардың коммуникативтік және лингвомәдени құзыреттерін дамытуға бағытталған әдістемелік тәсілдер айқындалды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы педагогикалық эксперимент барысында әзірленген және апробациядан өткен билингвалды тұлғаны қалыптастырудың әдістемелік жүйесін мектептегі орыс тілі сабақтарында тиімді қолдануға болатындығымен сипатталады. Зерттеу нәтижелері, қорытындылары мен алынған деректер мектепте орыс тілін оқыту әдістемесі бойынша бағдарламаларды әзірлеуде, сондай-ақ жоғары оқу орындарында элективті әдістемелік пәндерді құрастыруда пайдаланылуы мүмкін.

Алынған нәтижелерді апробациялау. Зерттеу материалдары мен нәтижелері 8 жарияланымда көрініс тапты. 1 мақала Scopus деректер базасына кіретін халықаралық басылымда жарияланды, 4 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдар тізімінде жарық көрді, 3 мақала халықаралық конференция материалдары жинақтарында жарияланды.

Сонымен қатар, диссертациялық жұмыста әзірленген әдістемелік жүйе эксперименттік оқыту барысында және «Қазақстан мектеп оқушыларының билингвалды тұлғасын қалыптастыру теориясы мен әдістемесі: антропологиялық аспект» элективті курсын оқыту үдерісінде сәтті апробациядан өтті.

Диссертацияның құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.